

ҒТАХА 16.21.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530205>

Муханбеткалиев Аскен Самуратович*¹

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, bodhisattvaasken@yandex.ru,
ORCID ID: 0009-0002-8200-1180

Аңдатпа. Мақала шаршы топ алдында сөйленетін сөздегі сұрау есімдіктерінің (кім, не, не, қайда, қашан, неге, неге, қалай) атқаратын қызметі мен стратегиялық тұрғыдан қолданылуын қарастыруға арналған.

Автор мақалада шаршы топ алдында сөйленер сөзде сұрау есімдіктерін қолданудың ғылыми-теориялық және практикалық қырларын саралай келе, шешен-спикерге нақты ұсыныстар беруді мақсат тұтқан. Осы орайда әлеуметтік-лингвистикалық көзқарас тұрғысынан мазмұндық талдау, салыстырмалы талдау әдістерін қолдана отырып, прагматиканың, когнитивті лингвистиканың және риториканың теориялық ережелеріне сай сұрақтар арқылы аудиторияны баурау, ақпаратты құрылымдау және зейінді басқару механизмдерін сипаттайды.

Мақалада сұрау құрылымында қолданылатын сұрау есімдіктерінің стратегиялық мақсаты мен атқаратын функциясына сай классификациясы кесте түрінде ұсынылған. Келтірілген жіктеме негізінде сұрақтарды тұжырымдау, интонацияны пайдалану, сұрақтарды сөйлеу мәтінінде тиімді орналастыру және олардың ұтымдылығын бағалау бойынша практикалық ұсыныстар берілген.

Қорытындылай келе, автор зерттеу нәтижесі ретінде шаршы топ алдында сөйленетін сөз құрылымындағы сұрау есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктеріне сәйкес шешен үшін сөйлеуге даярлану бағытындағы нұсқаулық ұсынады.

Кілт сөздер. Сұрау есімдіктері, шаршы топ алдындағы сөз, риторика, прагматика, аудиторияны баурау, когнитивті лингвистика.

Муханбеткалиев Аскен Самуратович*¹

Кандидат педагогических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, bodhisattvaasken@yandex.ru,
ORCID ID: 0009-0002-8200-1180

ОСОБЕННОСТИ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОПРОСИТЕЛЬНЫХ МЕСТОИМЕНИЙ В ПУБЛИЧНОЙ РЕЧИ

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению функции и стратегическому использованию вопросительных местоимений (кто, что, что, где, когда, почему, почему, как) в публичной речи.

В статье автор ставит целью дать конкретные рекомендации оратору-спикеру на основе анализа научно-теоретических и практических аспектов употребления вопросительных местоимений в публичной речи. В этой связи с социолингвистической точки зрения описываются механизмы привлечения аудитории, структурирования информации и управления вниманием посредством вопросов в соответствии с теоретическими положениями прагматики, когнитивной лингвистики и риторики с использованием методов содержательного и сравнительного анализа.

В виде таблицы представлена классификация вопросительных местоимений, используемых в структуре речи, в соответствии со стратегическим назначением и выполняемой функцией. На основе приведенной классификации даны практические рекомендации по формулированию вопросов, использованию интонации, эффективному размещению вопросов в тексте речи и оценке их рациональности.

В качестве результата исследования автор предлагает руководство по подготовке речи для оратора в соответствии с особенностями употребления вопросительных местоимений в структуре публичной речи.

Ключевые слова. Вопросительные местоимения, публичная речь, риторика, прагматика, привлечение аудитории, когнитивная лингвистика

Mukhanbetkaliyev Asken Samuratovich^{*1}

Candidate of Pedagogical Sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University,
Uralsk, Kazakhstan, bodhisattvaasken@yandex.ru,
ORCID ID: 0009-0002-8200-1180

FEATURES OF EFFECTIVE USE OF INTERROGATIVE PRONOUNS IN PUBLIC SPEECH

Abstract. The article is devoted to the consideration of the function and strategic use of interrogative pronouns (who, what, what, where, when, why, why, how) in public speech.

In the article, the author aims to give specific recommendations to the speaker-speaker based on the analysis of scientific, theoretical and practical aspects of the use of interrogative pronouns in public speech. In this regard, from a sociolinguistic point of view, the mechanisms of audience engagement, information structuring and attention management through questions are described in accordance with the theoretical provisions of pragmatics, cognitive linguistics and rhetoric using methods of meaningful and comparative analysis.

The table shows the classification of interrogative pronouns used in the structure of speech, in accordance with the strategic purpose and function performed. Based on the above classification, practical recommendations are given on the formulation of questions, the use of intonation, the effective placement of questions in the text of speech and the assessment of their rationality.

As a result of the research, the author offers a guide on preparing a speech for a speaker in accordance with the peculiarities of using interrogative pronouns in the structure of public speech.

Key words. Interrogative pronouns, public speech, rhetoric, pragmatics, audience engagement, cognitive linguistics

Кіріспе. Шаршы топ алдында сөйлеу дағдысы адамның өз ойын аудитория алдында анық, сенімді және орынды жеткізе білуін талап етеді. Оның қажеттілігі, әсіресе өскелең ұрпақ үшін тиімділігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома десек қателеспейміз. Қазіргі қарқынды даму үстіндегі қоғам жағдайында жастар үшін бұл жай ғана "пайдалы дағды" ғана емес, оқуда, өз мансаптық жолын құруда, жалпы әлеуметтік өмірде табысты болудың басты құралы. Аталмыш дағды тұлғаның өзіне деген сенімділігін жоғарылатып, ойын құрылымдауға үйретеді, яғни сыни ойлауды дамытады, кәсіби мансап жолында ілгерілеп, өз кәсібінің майталманы болуына септеседі, көшбасшылық қабілетін ашады.

Қарапайым тілмен айтқанда, бұл дағды жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, мансап тұрғысынан өсуіне көмектесіп, оны әлеуметтік тұрғыдан тиімді тұлғаға айналдырады. Мұндағы басты мақсат – жеке тұлға өз мақсат-мүдделеріне қол жеткізе отырып, қоршаған орта үшін де пайдалы, тиімді тұлғаға айналуы тиіс. Әдіскер-ғалым Н.Ж. Құрманова: «...таным тәрбиесінің де, рухани тәрбиенің де түпкі мақсаты – адамшылықты тәрбиелеу», – дейді [1].

Бұдан шығатын қорытынды: шешендікке үйретуді, ең алдымен, тілдік мәдениетке үйрету, адамгершілік қағидаттар арқылы ізгі қарым-қатынасқа үйрету деп түсінген абзал, себебі Д.С. Лихачевтің пікірінше: «...язык человека – точный показатель его человеческих качеств, его культуры». Адамның қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырар бірден-бір ғылым саласы – шешендік өнер, яғни риторика болып табылады. Шешендік өнердің тәрбиелік қырлары жайында көптеген ғалымдар тарапынан айтылған ой ұшқындарынан аталмыш ғылым саласының тәрбиелік құндылығына көз жеткіземіз. Белгілі ғалым-зерттеуші З.И. Курцева шешендікке үйретудің тәрбиелік қырлары жайында төмендегідей тұжырым айтады: «Роль непрерывного курса риторики в воспитании и развитии личности» [2]. Ал ресейлік шешендік өнер тарихы мен теориясын зерттеуші тағы бір ғалым В.И. Аннушкин бұл турасында былай дейді: «Речевое (риторическое) воспитание не есть воспитание «контактности» или «коммуникабельности», оно предполагает прежде всего философичность и образованность, ответственность за сказанное или написанное слово, нравственно-этическую основу поступков» [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Шаршы топ алдында сөйленетін сөздегі сұрау есімдіктерінің (кім, не, не, қайда, қашан, неге, неге, қалай) атқаратын қызметі мен қолданылуын қарастыру барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Негізгі дереккөздер ретінде шешендік теориясы мен практикасына арналған іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары алынды.

Әдіснамалық тұрғыдан сұрау құрылымдарының шешен сөзінде қолданылу мәселелері бірқатар шетелдік ғалымдар еңбектерінде көтерілген, алайда тікелей зерттеу нысаны ретінде қолға алынған жоқ. Мысалы, ресейлік ғалымдар З.И. Курцева мен В.И. Аннушкин өз еңбектерінде өскелең ұрпақты шешен сөйлеуге баулудың маңыздылығын негіздей келе, сөйленер сөздің тілдік құрылымын талдау барысында жалпы сұрақтардың сөз мақсатына жетудегі атқарар рөлін атап өтеді. Сонымен қатар сұрау құрылымдарының шешен сөзіндегі қолданылу ерекшеліктері белгілі бір тұрғыда ағылшын философы әрі лингвисті Герберт Пол Грайс еңбектерінде қарастырылған. Оның "Logic and Conversation" еңбегі тілдің прагматикалық аспектілерін ұғындырып, сұхбаттағы жасырын мағыналарға интерпретация жасаудың қыр-сырын түсіндіруге бағытталған.

Шаршы топ алдында сөйленетін сөздегі сұрау есімдіктерінің (кім, не, не, қайда, қашан, неге, неге, қалай) атқаратын қызметі мен қолданылуын қарастыру барысында төмендегі әдістер пайдаланылды:

- **Мазмұндық талдау әдісі.** Шешен-спикерге тән шаршы топ алдында сөйленер сөздің публицистикалық мәтіндерде, көркем шығармаларда жарияланған мысалдарына мазмұндық талдау жүргізілді. Бұл тәсіл арқылы шешен сөзінде қолданылатын сұрау құрылымдарының классификациясы сараланды.

- **Салыстырмалы әдіс.** Қазақ тіліндегі сұрау есімдіктерінің стратегиялық қолданылу бағыттарына салыстыру жүргізіліп, олардың сөйленер сөзде орналасу позициялары талданды. Бұл әдіс Сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында тиімді пайдаланылатын сұрақтарды айқындауға мүмкіндік берді.

• **Әлеуметтік-лингвистикалық көзқарас.** Шаршы топ алдында сөйленетін сөздегі сұрау есімдіктерінің болмысына жан-жақты тілдік талдау жасала отырып, олардың жеке тұлғаның әлеуметтік тұрғыдағы тиімділігін арттырудағы рөлі сипатталды.

Осы әдістерді қолдану шешен сөзінде сұрау есімдіктерін қолдану ерекшеліктерінің тек тілдік деңгейде ғана емес, әлеуметтік тиімділік тұрғысынан да жан-жақты саралануына мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Тақырыпқа сай зерттеу мәселесін терең зерделеу нәтижесінде шешен-спикерге арналған нұсқаулық жасақталып ұсынылған. Ұсынылып отырған нұсқаулықта шаршы топ алдында сөйленер сөзге даярлану барысына шешен ескеруі тиіс қағидаттар келтіріледі.

Өз ортасындағы түйткілді мәселелерге қоғам назарын ұтымды аудару шешеннің әлеуметтік тиімділігінің маңызды көрсеткіші. Бұл ретте шешен үшін тілдік құралдарды дұрыс пайдаланудың, соның ішінде сұрау құрылымдарын ұтымды қолданудың маңызы ерекше.

Классикалық риторика ілімінде (Аристотель) сұрақ көбінесе түйткілді мәселені көтеру арқылы аудиторияны тиісті тұжырымға келтіру құралы ретінде ғана қарастырылса, қазіргі таңдағы сұрау құрылымдарына деген бұл көзқарас мейлінше кеңейді. Сұрақтар шешендік контекстінде фрейминг (тақырып ауқымын анықтау), уәждеу және зейінді басқару құралдары ретінде қарастырылады. Жалпы, сұрақ қою білігі қарым-қатынас тиімділігін арттыруға көмектесетін құрал. Сұрақтар арқылы тұлға өзара өрбіген әңгімені мағыналы, мақсатты етуге өз үлесін қосады. Ал мұндай шешендік диалогқа үлес қосуға тек мақсатты, мүдделі тұлға ғана қабілетті болмақ. «Внесите свой вклад в беседу так, как это требуется на том этапе, на котором это происходит, в соответствии с принятой целью или направлением обмена мнениями, в котором вы участвуете», - деп XX ғасырда ұтымды диалогтың маңызды тұғырын көрсетіп кеткен Грайстың тұжырымы әлі күнге дейін аса өзекті [4].

Сонымен бірге олар шаршы топ алдында сөйлеуде тек ақпарат алу үшін ғана емес, сонымен қатар назар аударудың, дәлелді күшейтудің және эмоционалды тұрғыдан кері байланыс орнатудың стилистикалық құралы ретінде де қолданылады. «Сұрақтар жай ғана ақпарат алу мақсатындағы құрал емес; олар қарым-қатынастың өрбуін жобалап, оны ұйымдастыратын әрекеттер болып табылады» [5]. Сұрақтар арасында шешенге аудиторияның ақыл-ой әрекетін бағыттауға мүмкіндік беретін сұрау есімдіктерінің рөлі мен маңызы ерекше. Сұрау құрылымдары тыңдаушылардың танымдық және эмоционалды реакцияларын белсендіруге мүмкіндік беретін шешеннің маңызды құралы болып табылады. Сұрау есімдіктері осындай құрылымдарды құруда орталық рөл атқарып, аудитория назарын белсендіруші триггер (себеп) ретінде қолданылады. Әрине сөйлеу актісі тек сөзден ғана тұрмаса керек, себебі «...кез-келген коммуникативтік акт физикалық, эмоционалды, интеллектуалды, бейсаналық, сондай-ақ тілсіз семиотикалық әрекеттерді қамтитын кейбір бірлескен іс-әрекеттің бөлігі болып табылады» [6].

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, сұрау есімдіктері тек белгілі бір ақпарат жинау бағытында ғана емес, сонымен қатар ынталандыру, жұмылдыру, тақырып мазмұнын пысықтап, қажетті болжамды әрекеттердің тиімділігін айқындау функцияларын орындайтын сөйлеу әрекетін қамтамасыз етеді. Яғни тыңдаушы санасында болжау тетігін іске қосады.

Құрамында сұрау құрылымдары бар риторикалық сұрақтар көбінесе сөзбе-сөз жауап беруді талап етпейді, олардың міндеті – аудиторияны ішкі рефлексияға итермелеу немесе тезисті күшейту. Сөйлеу құрылымындағы интонация мен кідіріс сөз ықпалын күшейтуші әсерге ие. Шешендік ілімін зерттеуші ғалымдар сөз мазмұнында

қолданылатын сұрау есімдіктерін жіктеудің бірнеше түрін ұсынады. Төменде келтірілген жіктемеде шешен өзінде қолданылатын негізгі есімдіктер мен олардың атқаратын қызметтері сипатталған.

1 кесте – Шаршы топ алдындағы сөйлеуде қолданылатын басты сұрау есімдіктері мен олардың атқаратын қызметі

Есімдік	Негізгі семантикалық бағыт	Сөйлеудегі стратегиялық қызметі	Қолдану мысалдары
Кім	Тұлға/бірлік	Мәселеге қатысты тұлғаны нақтылау	"Мұндағы деректердің қауіпсіздігіне кім жауапты?"
Не	Объект/мазмұн	Нақты фактілер мен мазмұнға назар аудару	"Егер біз бұл мәселені қараусыз қалдырсақ, салдары қандай болуы мүмкін?"
Қандай	Сапа, сипат, атрибут	Салыстыру, сипатты нақтылау	"Бұл шара қысқа мерзімде қандай пайда бермек?"
Кімнің	Меншіктілік	Жауапкершілік	"Соны нәтижелерді қолданысқа енгізу кімнің міндеті?"
Қайда	Орналасу орны	Түйткілді мәселе немесе шешуші ресурстың орналасу орны	"Клиенттердің басым бөлігін қай жерде, қай тұста жоғалту қаупі бар?"
Қашан	Уақыт	Тайминг, уақыт шегін анықтау	"Мүмкіндікті жіберіп алмау үшін шешім қашан қабылдануы тиіс?"
Неге Неліктен Не себепті	Себеп	Уәждеу және негіздеу	"Бұл шешімнің дәл қазіргі сәттегі маңыздылығы неден туындап отыр?"
Неге Не үшін	Мақсат	Мақсатты бағыт, тиімділік	"Бұл бастама бізге неге қажет?"
Қалай	Амал, әдіс, үдеріс	Методология, нұсқаулық	"Үдерісті қалай оңтайландыра аламыз?"

Кестеден көріп отырғанымыздай, сұрау есімдіктерінің ішінде тиімді қолдануға болатын басты есімдіктер ғана іріктеліп келтірілген. Әрине, бұл шешен сөзінің тек осы есімдіктермен ғана шектеліп қалатындығын білдірмейді. Келтірілген есімдіктерді сөйленетін сөздегі қызметіне байланысты шартты түрде төмендегіше жіктеуге болады:

- Риторикалық (жауапты талап етпейді) сұрақ қызметін атқаратын есімдіктер: олар ойды белгілі тақырыпқа шоғырландыру үшін қолданылады.

- Санатқа бөлу, жіктеу мақсатында қолданылатын есімдіктер (мысалы, не/қандай есімдіктері): ақпаратты құрылымдауға көмектеседі.

- Нақтылау үшін пайдаланылатын есімдіктер (мысалы, неге / қалай есімдіктері): себеп-салдарлық байланыстарды түсінуді тереңдету үшін қолданылады.

- Оперативті мәлімет есімдіктері (мысалы, қашан/қайда есімдіктері): уақыт немесе кеңістік шеңберін орнату үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар аталған есімдіктерді, жалпы сұраулы сөйлемдерді пайдаланудың да

белгілі шарттары (критерийлері) бар:

1. Сұрақ мақсатының айқындығы. Сұрақты сөз мәтініне қосар алдында оның мақсаты анықталуы тиіс: бұл сұрақ нені көздейді? Көзделген мақсатты ресурс нендей? Мысалы, ол белгілі бір ақпарат болуы мүмкін, аудитория тарапынан шешенге қажетті эмоционалды жауап реакциясы болуы мүмкін, не шешен ұсынып отырған белгілі бір тұжырымды аудитория тарапынан растау қажеттілігі туындауы кәдік немесе сөйлеуші аудиторияны тиісті тұжырымға өз бетімен келтіру мақсатында ой кідірісін қолдануы ықтимал. Бұдан шығатын қорытынды: сұрау есімдігін сөз мәтініне енгізуде шешен аудиториядан өзіне қажетті жауап түрін көрсете отырып тұжырымдауы тиіс.

2. Тыңдаушыға түсетін когнитивтік жүк мейлінше аз болуы тиіс. Яғни сөйленетін сөздің синтаксистік құрылымы барынша қысқа (жай сөйлемді пайдалану) және пайдаланылатын есімдік анық болса, тыңдаушы да оған тез жауап қайтара алады. Оның жауабы белгілі бір эмоция түрінде болуы мүмкін немесе сыртқа шығарылмаған ойша жауап болуы да кәдік. Қалай болғанда да, шешеннің мақсаты тыңдаушыны қысқа уақыт аралығында тиісті ойға, тұжырымға жетелеу. Сондықтан да қысқа да нақты сөйлеудің бұл жердегі пайдасы зор.

3. Сөйлеу сәтінде интонация мен кідірістерді қадағалау. Интонация сұрақты белгілі бір әрекетке итермелейтін риторикалық құралға айналдыра алатын күшке ие. Сұрақтан кейін қолданылған кідіріс тыңдаушыға берілген мәліметті іштей өңдеуге мүмкіндік беріп, тыңдаушыны сөз болмысына мейлінше тез баулуға септеседі.

4. Сұрақтардың сөз мәтінінің ішінде орналасу позициясы да маңызды, өйткені түрлі орындағы сұрақтар түрліше қызмет атқарады. Мысалы, сөз басында қойылған сұрақ аудитория қызығушылығын туғызып, тақырыпқа назар аудартады. Сөз ортасындағы сұрақ ақпараттың өз мәліметтермен толығыны білдірсе, сөз соңында келтірілген сұрақтар тыңдаушы санасында ақпараттың тез жатталуына септесіп, оны тиісті әрекетке тез жұмылдыруға көмектеседі.

5. Сұрау элементтерін баяндау элементтерімен аралас қолдану. Аудитория назары тақырыптан ауытқымас үшін, шешен өз сөзінде сұраулы сөйлемдермен қатар хабарлы сөйлемдерді де тиімді қолдануы қажет. Бұл тыңдаушының сөз ауанынан жалығып кетпеуі үшін, оның қызығушылығын қолдап отыру үшін керек.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, сұрақ аудиторияны дискурсивтік тұрғыдан күтілетін межеге бағыттап, тыңдаушылардың назарын жауап іздеуге жұмылдырады. Сұрау есімдіктері (кім/не/қайда/қашан/неге/қалай/неге) әр түрлі когнитивті схемаларды (даралау (кім), жіктеу (не), кеңістіктікте бейнелеу (қайда), себеп-салдарлық байланыстар (неге), процедуралық ойлау (қалай)) белсендіре отырып, тыңдаушы санасындағы ментальдік іздеу шеңберін белгілейді.

Жалпы, тәжірибе көрсетіп отырғандай, сұрау құрылымы қатыстырылған ақпарат хабарлы құрылымдарға қарағанда тез әрі жеңіл жатталады. Тиісінше тыңдаушыны тиісті әрекетке тез көшуге жетелейді. Сондықтан да хабарлы құрылымды сұраулы құрылыммен алмастыру сөйлеуші мақсатына жетуге көмектеседі. Мысалы, «Клиенттерімізді жоғалтып жатырмыз, бұл жақсы емес» сөйлемін «Клиенттердің бізден бас тартуына итермелеп отырған не?» деген сұраулы сөйлеммен ауыстыру туындап отырған түйткілді мәселені құрылымдап, тыңдаушының оны сарапталған ақпарат ретінде қабылдауына әкеледі. Немесе, «Біз тез қимылдауымыз қажет» деген хабарлы сөйлемді «Бәсекелестерімізді тез анықтау үшін жобамызды қашан іске қосқанымыз абзал?» деген сұрау құрылымымен алмастыру тыңдаушылар үшін мәселені нақтылап, уақыт шеңберін айқындайды.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдар негізінде шешен үшін сөйленер сөзді

даярлауда сұрау құрылымын пайдалану бойынша келесі кеңес берер едік:

1. Сөйленер сөзге қосатын сұрақтарды алдын ала даярлап алу қажет. Яғни сөз құрылымына 2-ден 4-ке дейінгі түйінді сұрақты іріктеп алған абзал. Олар түрлі мақсаттағы сұрақтар болуы тиіс. Мысалы, сөз басында аудитория назарын баурауға арналған кіріспе сұрақтар қолданылса, кейін көтеріліп отырған түйткілді нақтылауға арналған пысықтаушы сұрақтар қолданылады. Содан соң мәселенің өзектілігін танытатын риторикалық сұрақтар пайдаланылып, сөз соңында тыңдаушылар аудиториясын тиісті қорытынды тұжырымға итермелейтін бағыттаушы сұрақтар келтірілген дұрыс. Яғни әр сұрақтың мақсатын нақты айқындануы керек.

2. Тыңдаушыларға берілген ақпарат блогынан кейін оларды келесі бөлімге ауыстыру үшін "Бұл нені білдіреді?" немесе "Бұл бізге қалай әсер етеді?" деген бағыттаушы сұраулы сөйлемдерді қолдану керек.

3. Сөйлеу сәтінде ашық сұрақтар мен риторикалық сұрақтарды алма-кезек қолдану тиімді.

4. Сөз мақсатына апармайтын «бос» сұрақтарды пайдаланаған дұрыс. Әр сұрақ міндетті түрде сөз мақсатына қызмет атқаруы қажет.

5. Сөйлеу интонациясын, ырғағын, кідірістерді міндетті түрде қадағалап қолдану қажет. Мысалы, сұраққа дейінгі және одан кейінгі кідірісті, дауыс тембрін эмоционалды ықпалды күшейту үшін тиімді пайдалануға болады.

6. Аудитория беруі мүмкін жауаптарды алдын ала даярлаңыз. Бұл тыңдаушыларды тиімді басқару үшін қажет болады.

7. Сөйленер сөздегі сұрақтарды өзіңіге дауыстап қойып, дайындық өткізіп, олардың құлаққа қаншалықты жағымды немесе жағымсыз естілетінін тыңдап алған абзал.

8. Маңызды шарт: шешен тыңдаушы аудиториясына бейімделе алуы керек. Егер аудитория нақты кәсіби бағыттағы тыңдаушылар болса, оларға нақты сала бойынша сұрақтар қоюға болады, ал аралас аудиторияға, негізінен, жалпы сұрақтарды қолданған дұрыс.

Қорытынды. Қорыта айтар болсақ, сұрау есімдіктері шаршы топ алдында сөйлеу тиімділігін арттырар қуатты риторикалық құрал болып табылады. Оларды шебер қолдану аудиторияның назарын баурап, тыңдаушылардың негізгі ақпаратты есте сақтауын жақсартып, тұжырымға деген сенімділігін арттырады. Оларды тиімді қолдану сөйлеу мақсатын, аудиторияны түсінуді және интонация мен кідірісті тиісті қолдану бағытындағы жұмысты қажет етеді. Риторикалық сұрақтар эмоционалды кері байланысты күшейтеді. Шешен үшін түрлі сұрақтарды біріктіріп, сөз мазмұны мен жанрын ескеру пайдалы. Сұрақтарды дұрыс пайдалану тыңдаушылар аудиториясының назарын баурап, келтірілген тұжырымдарды түсінікті етеді. Бұл өз кезегінде шаршы топ алдында сөйленер сөздің әсерін арттырады.

"Лицо" относится к публичному представлению о себе, которое каждый участник хочет создать для себя", («Тұлға» қарым-қатынасқа қатысушының әрбірінің өзі туралы құрағысы келетін ортақ ұғымға жатады) - деп жазады американдық ғалымдар Браун мен Левинсон [7]. Яғни сұрау есімдігін шаршы топ алдында сөйленер сөзге тиімді кіріктіру спикер үшін полилогқа қатысушы әр тұлғаның өзіндік жеке мақсат-мүдделерін алдымен өзі үшін барынша айқындауға көмектесе отырып, сол арқылы өзіндік тілдік қатынас стратегиясын құруға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, шешеннің түпкі мақсаты – тыңдаушыны (немесе полилогқа қатысушыны) белгілі бір ойға жетелеу арқылы қажетті мінез-құлыққа немесе іс-әрекетке жұмылдыру. Қажетті нәтижені жеке тұлғаның өзіндік белгілі бір мақсат-мүдделерімен ұштастыра алған шешеннің ғана сөзі өз мақсатына

жетпек. Тілдік тұрғыдан алғанда, сұрау есімдіктері шешен үшін осындай сөз мақсатына жетуге көмектесер қуатты құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Құрманова, Н. Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері : автореф. дис. ... д-ра пед. наук [Текст] / Н. Ж. Құрманова. – Алматы, 2004. – 50 б.
- 2 Курцева, З. И. Коммуникативно-нравственное развитие учащихся в системе риторического образования [Текст] / З. И. Курцева. – М. : МИОО, 2007. – 356 с.
- 3 Аннушкин, В. И. Риторика. Вводный курс [Текст] / В. И. Аннушкин. – М. : Фолиант, 2007. – 264 с.
- 4 Grice, H. P. Logic and Conversation [Text] / H. P. Grice // Cole, P., Morgan, J. L. (eds.). Syntax and Semantics. – Vol. 3. – New York : Academic Press, 1975. – P. 41–58.
- 5 Schegloff, E. A. Sequence Organization in Interaction: A Primer in Conversation Analysis I [Text] / E. A. Schegloff. – Cambridge : Cambridge University Press, 2007. – 300 p.
- 6 Мамардашвили, М. К. Как я понимаю философию [Текст] / М. К. Мамардашвили. – М., 1992. – 351 с.
- 7 Brown, P. Politeness: Some Universals in Language Usage [Text] / P. Brown, S. C. Levinson. – Cambridge : Cambridge University Press, 1987. – 345 p.

REFERENCES

- 1 Kurmanova, N. J. kazakh mektepterinde soz tirkesi sintaksisin damyta okytu tehnologiasynyn gylymi-adistemelik negizderi: ped. gyl. dokt. dis. ... avtoref. [Scientific-methodological foundations of developing the syntax of word combinations in teaching in Kazakh schools: Abstract of doctoral dissertation in pedagogy]. Almaty, (2004): 50 b. – (In Kaz).
- 2 Kurseva, Z. I. Komunikativno-nravstvennoe razvitie uchaşihsä v sisteme ritoricheskogo obrazovania [Communicative and moral development of students in the system of rhetorical education]. Moscow: MİOO, (2007): 356 s. – (In Rus).
- 3 Annuşkin, V. I. Ritorika. Vvodnyi kurs [Rhetoric: Introductory course]. Moscow: Foliant, (2007): 264 s. – (In Rus).
- 4 Grice, H. P. Logic and conversation. In Cole, P. & Morgan, J. L. (Eds.), Syntax and semantics, vol. 3. New York: Academic Press, (1975): 41–58.
- 5 Schegloff, E. A. Sequence organization in interaction: A primer in conversation analysis I. Cambridge: Cambridge University Press, (2007).
- 6 Mamardaşvili, M. K. Kak ia ponimaiu filosofiu [How I understand philosophy]. Moscow, (1992): 351 s. – (In Rus).
- 7 Brown, P., & Levinson, S. C. Politeness: Some universals in language usage. Cambridge: Cambridge University Press, (1987).